

Абай ат. ҚазҰПУ-дың 6D021300-Лингвистика мамандығының докторанты Жулдыз Курмамбаеваның философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «**Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениетанымдық негізі**» тақырыбындағы диссертациясына

П И К И Р

1. Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі қазақ қоғамы үшін ұлттық атаулардың семантикалық мағынасын ашу, мәдени кодын айқындау - маңызды мәселелердің бірі. Көне ескіліктердің қайта жаңғыру, рухани жаңғыру дәуірінде ұмытылған салт-дәстүрдің мәдени мағыналарын танытуға бағытталған бұл зерттеу жұмысының ғылыми жетістіктері бар. Жұмыста зерттеудің мақсатына сәйкес сан атаулары лексикалық бірлік ретінде емес, лингвомәдени бірлік ретінде зерттелген. Жұмыста лингвомәдени бірліктер мәдени-ұғымдық өрісті кеңейтетін, ал тілдік бірліктер - мағыналық топтардың аясын кеңейтетін құралдар екені айқындалған. Сан атауларының заттық мәдениет атауы және рухани мәдениет атауы ретінде қызмет етуінің семантикалық уәжі көрсетілген. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы - қазіргі қазақ тіл білімі үшін маңызды зерттеу. Сондықтан жұмыстың өзектілігі даусыз.

2. Диссертацияға қойылатын («Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2,5,6 тармақтарына және ғылыми қызметкерлердің мамандығымен сәйкес келу паспорты) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық жұмыста сан атауларымен берілген мифтік бейнелер, яғни жеке ұлтқа тән, жалпыадамзатқа тән мәдени бейнелер діни (тәңірлік, буддалық, христиандық) дүниетаным бойынша табиғат құпияларын пір тұту, жан-жануарларды культке айналдыру жағдайында дүниеге келгендей, жаратылыстың бастауы туралы сыр шертетін мифтік кейіпкерлер екені дәйектелген. Зерттеуге алынған сан атаулы мифтік бейнелердің құрамындағы сандар мәні ұлттық және әлемдік символикамен сабактасатыны нақты мысалдармен дәлелденген. «Лингвомәдениеттанудың негізін құрайтын сан атаулы мәдени бейнелер ұлттық, әлемдік мәдениетті жаңғыртуыш күлттік құндылық болып саналады» деп тұжырым жасаған.

Жұмыста реалийлер өзге тілге сөзбе-сөз аударылматыны, себебі өзге мәдениетте реалий ұғымдары болмайтыны нақты мысалдармен түсіндірілген. «Реалийлер бір ұлттың өзіндік ішкі әлемін танытатын мәдени ұғымның концептуалды көрінісі» деген тұжырым жасалған.

3. Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың негізделуі мен шынайылық дәрежесі. Жұмыс нәтижелері мен қорытындыларының негізділігі нақты мысалдармен, ғылыми дәлелді пайымдаулармен айқындалған. Сондықтан ғылыми қорытындылардың нақтылық дәрежесі жоғары. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері нақты мысалдармен түсіндірілген және ғылыми пікірлерді сараптау арқылы қай ғылыми негізге сүйенетін айқын көрсетілген. Әрбір ғылыми нәтиженің ғылыми негізі, сүйенетін ғылыми тұжырымы бар. Сондықтан нәтижелер негіzsіз емес.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Біріншіден, сандардың киелі, құдіретті қасиеті, қазақ халқының сан ұғымдарына табынуы көне этномәдени деректермен дәлелденген.

Екіншіден, адамның сан атауларының мінез-құлқын танытуда, аң-құстарға сипаттама беруде, әлемдік жаратылыстың ерекшелігін танытуда, табигат құбылыстарын сипаттауда, астрономиялық құбылыстардың мал және егін шаруашылығына ұтымды қолдану дәстүрін айқындауда, аспан денелеріне табыну тотемінен қалған нағым-сенім ұғымдарының мәдени уәжін анықтауда белсенді қолданылатыны дәлелденген.

Үшіншіден, сан атаулары мәдени ақпарат беруші, культтік мағыналарды астарлаушы, концептілік және мәдени-семантикалық өріс қалыптастыруышы құрылымдық жүйе ретінде қарастырылған.

Төртіншіден, лингвомәдени бірлікті айқындаудың негізгі қағидаттары ұсынылды. Лингвомәдени бірліктердің мағынасы 1-ден, метафоралық қолданыста, 2-ден, атаудың ауыспалы мағынасында, яғни жасырын семада, тасаланған мәдени ақпараттар болады. Оны сол зат атауының мәдени және концептілік өрісін анықтау арқылы сол зат туралы жиналған аялық білімдер арқылы айқындауға болады. 3-ден, нағым-сенім күльтінде тасаланған мағыналар арқылы анықталады, 4-ден, діни-мифологиялық танымға негізделеді. 5-ден тәнірлік табыну, көне ескіліктерге негіделеді.

Бесіншіден, жұмыста сан ұғымдары мәдени-семантикалық өріс және концептілік өріс тұрғысынан қарастырылды. Сонымен семантикалық өріс - мағына ұқсастықтарының перифериясын құраса, концептілік өріс - ұғым ұқсастықтарының перифериясын құрайтын жүйелі құрылым болып саналады. Сан атауларының семантикалық өрісі де шексіз кең. Концептілік өріс - семантикалық өрістен ауқымы кең ұғым. Семантикалық өрісте тек мағыналық ұқсастығы ортақ тіл бірліктері шоғырланса, концептілік өріске ассоциациясы, стереотипі, ұқсату бейнелері ортақ ой құрылымдары жинақталады. Концептілік өрістің тілдік құрылымы семантикалық өріске ұласуы мүмкін.

Алтыншыдан сан ұғымдарының концептілік және семантикалық өрісін ашып қарастырғанда мынадай тұжырымға келдік: сандардың архетиптік эзотерикалық мағыналары тарихи кезеңдер өте келе біртіндеп ұмытылып, әдет-ғұрыптар мен ырым-жоралар жүйесіне енеді де, этномифокұрылымдық қасиеттерге ие болды.

5. Алынған нәтижелердің ішкі тұтастығын бағалау.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны жоспарына сәйкес келеді. Жұмыстың жоспары жүйелі құрылған. Алдымен сан атауларына қатысты зерттеулерге шолу жасалған. Одан диссиденттің өз тұжырымын жасаған. Одан кейін

лингвомәдениеттанымдық талдаулар мен зерттеулердің негізін айқындаған, лингвомәдени бірліктер ретінде қалай зерттеу қажеттілігі анықталған. Содан кейін барып зерттеу мақсатына сай са атауларының мәдени-семантикалық мағыналары мен уәждері айқындалған. Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері қамтылған. Жұмыста алынған нәтижелер ғылыми негізі бар зерттеулерге сүйенеді.

6. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі. Диссертациялық жұмыс ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкес жазылған. Ғылыми стилде жазылған, зерттеу бағыты айқын, мақсаты нақты және оған жетуде көзделген міндеттер толық орындалған. Сондықтан «Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениеттанымдық негізі» тақырыбындағы диссертациясы толық аяқталған.

Корытындылай келе Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының докторантты Курмамбаева Жулдыздың диссертациялық жұмысы «6D021300 - Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады.

